

**Жаңақорған ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 52 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 шілдеде № 8432-11 болып тіркелді.

**Ескерту. Күші жойылды -Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 19.12.2025 № 470 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жаңақорған ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Жаңақорған аудандық мәслихатының төрағасы*

*Г. Сопбеков*